

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2017 жылға арналған субсидиялар көлемдерін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 15 мамырдағы № 185 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 17 мамырда № 4185 болып тіркелді.

"Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 27 қаңтардағы № 30 бұйрығымен (2017 жылғы 17 ақпанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14813 болып тіркелген) бекітілген Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларының 5-тармағына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2017 жылға арналған субсидиялар көлемдері бекітілсін.

2. "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2017 жылға арналған субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 13 ақпандағы № 74 қаулысының (2017 жылы 16 ақпанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланды, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4049 тіркелген) күші жойылған деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктелсін.

4. Осы қаулы оны алғаш ресми жариялаған күнінен қолданысқа енгізіледі және 2017 жылғы 24 ақпаннан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

Солтүстік Қазақстан
облысының әкімі

Қ. Ақсақалов

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2017
жылғы 15 мамырдағы № 185 қаулысына
қосымша

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2017 жылға арналған субсидиялар көлемдері

Ескерту. Қосымша жана редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 25.12.2017 № 512 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге	Субсидия ланатын көлем	Субсидиялар көлемі, мың теңге
Етті бағыттағы мал шаруашылығы					
1	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
1.1	Тауарлық аналық мал басы				
1)	Базалық норматив	бас	10 000	35 000	350 000
	Қосымша норматив:				
2)	80% - дан қоса алғанда төл шығару	бас	8 000	7 500	60 000
	60% - дан қоса алғанда төл шығару	бас	6 000	3 500	21 000
1.2	Асыл тұқымды ірі қара малдың аналық басы				
1)	Базалық норматив	бас	10 000	10 000	100 000
	Қосымша норматив:				
2)	80% - дан қоса алғанда төл шығару	бас	20 000	4 000	80 000
	70% - дан қоса алғанда төл шығару	бас	15 000	2 000	30 000
2.	Асыл тұқымды ірі қара малды сатып алу				
		бас	150 000	1 500	225 000
Сүтті және сүт-етті бағыттағы мал шаруашылығы					
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
1.1	Асыл тұқымды аналық мал басы				
1)	Базалық норматив	бас	10 000	4 000	40 000,0
	Қосымша норматив				
2)	70% - дан қоса алғанда төл шығару	бас	20 000	2 500	50 000,0
	60% - дан қоса алғанда төл шығару	бас	15 000	1 000	15 000,0
2	Асыл тұқымды ірі қара малды сатып алу				
1)	отандық шаруашылықтың асыл тұқымды ірі қара малы	бас	170 000	550	93 500,0
	Импортталған асыл тұқымды ірі қара мал				
2)	Еуропа және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінен	бас	150 000	200	30 000,0
3.	Сүт өндіру мен дайындаудың құнын арзандату:				
1)	жемдік мал басы 400 бастан басталатын шаруашылықтар	тонна	37 500*	14 500	543 750,0

2)	жемдік мал басы 50 бастан басталатын шаруашылықтар	тонна	22 500*	12 600	283 500,0
3)	ауыл шаруашылығы кооперативтері	тонна	15 000*	2 600	39 000,0
Мал шаруашылығы					
1	Бұқаларды бордақылау шығындарын арзандату				
1)	нақты бордақыланғаны 100 бастан бастап	бас	30 000*	700	21 000,0
2	Жеке қосалқы шаруа-шылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	5 380	5000	26 900
3	Қоғамдық және тауарлық табындарда асыл тұқымды бұқаларды-етті, сүтті және сүт-етті бағыттағы тұқымдарды ұстау	бас	100 000	220	22 000,0
Етті бағыттағы құс шаруашылығы					
1.	Отандық және шетелдік шаруашылықтардан ата-енелік/ ата -тектік нысандағы етті бағыттағы асыл тұқымды тәуліктік төл сатып алу	бас	600	15 400	9 240,0
2. Құс еті өндірісінің құнын арзандату: (бройлер)					
1)	Нақты өндірісі 1000 тоннадан	тонна	75 000*	1 000	75 000,0
2)	Нақты өндірісі 20 тонна-дан басталатын құс еті (суда жүзетін құс және бройлер) өндірісінің құнын арзандату	тонна	40 000	300	12 000,0
Жұмыртқа құс шаруашылығы					
1. Тағамдық жұмыртқа өндірісінің құнын арзандату:					
1)	100 млн. данадан басталатын нақты өндіріс	мың дана	2 500	281 366	703 415,0
2)	50 млн. данадан басталатын нақты өндіріс	мың дана	2 200	74 000	162 800,0
Қой шаруашылығы					
1	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
1)	асыл тұқымды қойлардың аналық басы	бас	2 500	1 500	3 750,0
2)	тауарлық қойлардың аналық басы	бас	1 500	1 002	1 503,0
3	Асыл тұқымды қойларды сатып алу				
1)	тұсақтар	бас	8 000	100	800,0
2)	тұқымдық қошқарлар	бас	20 000	50	1 000,0
Жылқы шаруашылығы					
1.	Асыл тұқымды айғырлар сатып алу	бас	100 000	70	7 000,0
2.	Асыл тұқымды аналық мал басын сатып алу	голов	40 000	100	4 000,0
3.	Бие сүтін өндіру және қайта өңдеу құнын арзандату, оның ішінде ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін	тонна	60 000	20	1 200
4.	Жылқы еті өндірісінің құнын арзандату	тонна	92 000	5	460,0
Ауыл шаруашылығы жануарлары азықтарына на шығындар құнын арзандату					
1.	сүтті бағыттағы мал шаруашылығы	бас	94 800	10650	1 009 620
2.	етті бағыттағы мал шаруашылығы	бас	66 600	16 150	1 075 590

3.	қой шаруашылығы	бас	1 060	1 700	1 802,0
4.	жылқы шаруашылығы	бас	1 585	1 000	1 585,0
	ЖАЛПЫ облыс бойынша				5 101 415,0

*- норматив 50%-ға ұлғайтылған және 2017 жылғы 8 тамыздан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады – "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 27 қаңтардағы № 30 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 14 шілдедегі № 295 бұйрығының қолданысқа енгізілген күні.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК